

**Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 мамырдағы № 167 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 442 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 7777 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 мамырдағы № 167 "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3254 тіркелген, 2008 жылғы 10 маусымда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

"Өзендер" деген бөлім осы қаулының қосымшасына сәйкес реттік нөмірлері 14, 15, 16, 17, 18, 19 жолдармен;

"Су тоғандар" деген бөлім осы қаулының қосымшасына сәйкес реттік нөмірлері 33, 34, 35 жолдармен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*О. Уразалин*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 442 қаулысына қосымша

Өзендер:

14	Сауқайың	64 км
15	Телқара	61 км
16	Өлкейік	114 км
17	Бақсайыс	100 км
18	Атжаксы	105 км
19	Ойсылқара	113 км

Су тоғандар:

33	Песчанка	Қобда ауданы
34	Ш.Қалдаяқов атындағы ауылдың тоғаны	Қарғалы ауданы
35	Тайкеткен - 1	Қарғалы ауданы